

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2009 жылғы 8 мамырдағы N 64-ө өкіміне өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2009 жылғы 26 қазандағы N 149-ө
Өкімі

"Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Ұлттық әл-ауқат қоры қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу және "Қазақстан инвестициялық қоры туралы" Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 13 ақпандағы заңдарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2009 жылғы 8 мамырдағы N 64-ө өкіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген өкіммен бекітілген "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Ұлттық әл-ауқат қоры қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу және "Қазақстан инвестициялық қоры туралы" Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 13 ақпандағы заңдарын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесінде: реттік нөмірі 1-жолдың 5-бағанындағы "2009 жылғы мамыр" деген сөздер "2010 жылғы шілде" деген сөздермен ауыстырылсын.

Премьер-Министр

К. Мәсімов